

**Түркістан облысы, Шардара ауданының білім бөлімі
«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Бекітемін:

**«Алтын білім» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі:**

А.Кокишева



Өзін – өзі бағалау құрылымы.

2025 жыл

Түркістан облысы, Шардара ауданының білім бөлімі
«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабы және «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі Ережесінің 15-тармақ 12) тармақшасы және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 24- қазан №1632 бұйрығы бойынша 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 05 мамыр 2025 жылғы № 06 бұйрығымен құрылды:

1. А.А.Кокишева – бақша меңгерушісі, комиссия төрайымы.
2. Т.М.Анатолийқызы – бақша әдіскері, комиссия мүшесі.
3. А.А.Абдишаповна – бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.
4. Т.Г.Рисмухамедова – бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.
5. К.Г.Нуралиевна -бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.
6. С.М.Бахтиёровна- бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Өзін-өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және балабақшаның ресми сайтына жүктелді.

«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екі жыл және ағымдағы жылдың шілде айына дейінгі оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қорытындысын ұсынады.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы.	Түркістан облысы «Шардара ауданының бөлім бөлімі» «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қызылқұм ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі №8 үй.
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон :8 (747) 905 23 80 электронды поштасы: akku.bb.14@mail.ru https://www.facebook.com/share/16voMktTR7/
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Кокишева Айнур Алихановна ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы 2021 жыл 01 сәуір № 43 бұйрығымен балабақша меңгеруші лауазымына тағайындалды.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен. БСН 181240006806 алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 07.12.2018ж.
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 08 желтоқсан №KZ33RVK00037626 хабарлама берілген.
7	Құрылған жылы	1975 жыл.
8	Типтік ғимарат	екі қабатты типтік
9	Топтар саны	6 топ

10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым
13	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 140 балаға арналған. 02.02.2021 жылы № X.12.X.KZ60VWF00036229 санитариялық -эпидемиологиялық қорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

Балабақша ғимараты типтік үлгіде. Балабақша 140 орындық, қазіргі таңда 140 тәрбиеленуші жас ерекшеліктеріне қарай 6 топқа топтастырылған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 8.00-бастап 18.30 сағатқа дейін, 10,5 сағат жұмыс жасайды. Қазіргі таңда 140 тәрбиеленуші 6 топқа «Қарлығаш» кіші тобы, «Балауса» кіші тобы, «Балдырған» ортаңғы тобы, «Балбөбек» ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Шұғыла» ересек тобына топтастырылған.

Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде. Балабақшада қабылдау бөлмесі, оқу-тәрбие, ойын, жатын бөлмелері, меңгеруші, әдіскер, психолог, бөлмелері, акт залы бөлмесі, медицина бөлмесі, кір жуу бөлмесі, асхана мен қойма бар. Материалдық-техникалық базасы стандартқа сай жабдықталған. Жылу жүйесі табиғи газбен жылытылады. Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Балабақша өрт- дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Балабақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте қабылдау бөлмесі, емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал - сайман жабдықтармен жабдықталған.

Балабақша ауласы көгалдандырылған, жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңы және топтарға арналған жазғы шатырлар өз дәрежесінде жабдықталған. Жеке топтарға арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар көлеңкелі қоршау орындығымен гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған спорт алаңы бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші бөлмесі;
- Әдіскер бөлмесі;
- Психолог бөлмесі;
- АКТ залы;
- Теледидар – 7 дана;
- Компьютер – 3 дана;
- Ноутбук - 10 дана;
- Принтер-3 дана.
- Түрлі-түсті принтер – 1 дана

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық» бұрышы, «Ойыншықтар сөресі», «Кітап бұрышы», «Электронды кітап бұрышы», «Табиғат бұрышы», дамытушы кеңістік орта жасақталған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш» барлық топтарда жасақталған.

Білім беру ұйымдарын
бағалауөлшемшарттарының
1-қосымшасы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшем шарттар

Р/с	Бағалауөлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты барпедагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94%	
		80 %-дантөмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үшжылда бір реттен сиретпей)үлесі	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	3
		80 %-дантөмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 Қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 жиһазбен жарактандырылуы	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылымминистрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	

	ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету		
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға Дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % - ға Дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
	Жалпы ұпай:		44

ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі:



А.А.Кокишева.

1. Кадрлық құрамға талдау

Кадрлық құрамды бекіту ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылында жалпы педагог саны-10. Оқу жылында 10 педагог жұмыс атқарады. Жоғары білімді 10 педагог бар.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» жоғары білімді мамандығы бойынша -4 педагог, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша - 4 педагог, «Педагогика және психология» мамандығы бойынша- 2 педагог, 5 педагог «Маман -Специалист» оқу орталығында қайта даярлау курсынан өткен.

Біліктілік санаттары бойынша «Алтын білім» бөбекжай балабақшасында:

Әдіскер педагог –модератор санаты, 2 тәрбиеші педагог - модератор, 2 тәрбиеші педагог-сарапшы.

Балабақшаның сапалық тізімі ұсынылған дипломның көшірмелерінен қарастырылды.

ЖШС «Алтын білім» бөбекжай – балабақшасының педагогтары жайлы мәлімет.

№	Аты, жөні	Туылған жылы	Жұмыс орны, қызметі, өтілі	Бітірген оқу орны, жылы, мамандығы	Диплом нөмері	Біліктілік санаты
1.	Кокишева Айнур Алихановна	Шардара ауданы, Қызылқұм ауылы, Курмангазы көшесі № 1 үй 25.03.1975 ж	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы Меңгеруші 4жыл, 6 ай	1. Жоғары, Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар Достығы университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы 2014жыл 14 мамыр. Тіркеу нөмері -4741, ЖБ-Б № 0677113	ЖБ-Б № 0677113	
2.	Сарманова Алия Пердебаевна	Қызылқұм аулы, Ауезов көшесі № 1/6 үй 23.02.1982 ж	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Психолог 6 жыл, 6 ай	Жоғары, Шымкент Университеті, «Педагогика және психология» мамандығы 2021жыл 30 сәуір, Тіркеу нөмері-1860. BD №00018953328	BD №00018953328	

3	Таласова Майра Анатолийқызы	Қызылқұм аулы, Молдағұлова көшесі № 21/1А үй 04.04.1994ж	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Әдіскер- 6 жыл, 3 ай	Жоғары, Қазақстан инженерлі- педагогикалық халықтар Достығы университеті, «Педагогика және психология» мамандығы 2015жыл 01 маусым. Тіркеу нөмері 0468, ЖБ-Б № 0868841 Куәлік: «Маман- Специалист» оқу орталығы «Мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскері» мамандығы 404 сағат. № 25149 Берілген күн 22.11.2022ж	ЖБ-Б № 0868841 № 25149	Педагог- модератор
4.	Алиева Асель Абдишаповна	Қызылқұм аулы, С.Сейфулин көшесі № 9/1 үй 09.07.1986ж.	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Тәрбиеші-10жыл, 6 ай	Жоғары, Аймақтық әлеуметтік- инновациялық университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» Мамандығы 14 шілде 2017жыл, Тіркеу нөмері - 1413/А, ЖБ-Б № 1206374	ЖБ-Б № 1206374	Педагог- сарапшы
5.	Рисмухамедова Гулжамал Тангировна	Қызылқұм аулы, Мамедова көшесі № 14 үй 09.08.1984ж.	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Тәрбиеші-10жыл, бай	Жоғары, Аймақтық әлеуметтік- инновациялық университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы 06 маусым 2017жыл, Тіркеу нөмері -0806/А, ЖБ-Б № 1204384	ЖБ-Б № 1204384	Педагог- сарапшы
6.	Куатова Гулмира Нуралиевна	Қызылқұм аулы, Амангелді көшесі № 8 үй 05.01.1991ж	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Тәрбиеші- 14 жыл, 8ай	Жоғары, Шымкент Университеті, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы 07 шілде 2015жыл,	ЖБ-Б №0959425 № 24110	Педагог- модератор

				Тіркеу нөмері-1417. ЖБ-Б №0959425 Куәлік: «Маман-Специалист» оқу орталығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тәрбиеші» мамандығы 404 сағат. № 24110 Берілген күн 19.10.2022ж		
7.	Сатимова Мавлуда Бахтиёровна	Қызылқұм аулы, Ж.Жабаев көшесі № 10/2 үй 03.03.1980ж	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Тәрбиеші- 6 жыл, 10 ай	Жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы 25 мамыр 2018жыл, Тіркеу нөмері - 0420/А, ЖБ-Б № 1264735 Куәлік: «Маман-Специалист» оқу орталығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тәрбиеші» мамандығы 404 сағат. № 24111 Берілген күн 19.10.2022ж	ЖБ-Б № 1264735 № 24111	Педагог-модератор
8.	Қожамқұл Қасиет Әліқызы	Қызылқұм аулы, Әуезов көшесі № 15 үй 11.12.1982ж	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Тәрбиеші-10жыл, 6 ай	Жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 05 шілде 2013жыл, Тіркеу нөмері -3205/Ш, ЖБ-Б № 0547617	ЖБ-Б № 0547617	
9.	Ауелханова Жанар Меделханқызы	Қызылқұм аулы, Абай көшесі № 10 үй 11.02.1983ж	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Тәрбиеші- 8 жыл, 3 ай	Жоғары, Шымкент Университеті, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы	BD №00018975 185	

				2021жыл 30 сәуір, Тіркеу нөмері-1373. BD №00018975185 Куәлік: «Маман- Специалист» оқу орталығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тәрбиеші» мамандығы 404 сағат. № 39805 Берілген күн 15.08.2024ж ж	№ 39805	
10.	Әбдіраман Айгерім Әбитқызы	Қызылқұм аулы, Амангелді көшесі № 1/Б үй 29.10.1997ж	ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы, Тәрбиеші- 4жыл, 6 ай	Жоғары, Аймақтық әлеуметтік- инновациялық университеті, «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы 05 мамыр 2020жыл, Тіркеу нөмері - 5134/Ш, ЖБ-Б № 1610969 Куәлік «Маман- Специалист» оқу орталығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тәрбиеші» мамандығы 404 сағат. № 24109 Берілген күн 29.10.2022ж.	ЖБ-Б № 1610969 № 24109	

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 2-қосымшада берілді. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болмауы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса берілді);

Шардара ауданы «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен басшылыққа алынып, белгіленген. Бөбекжай балабақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары

балабақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай-балабақша қызметкерлеріне жеке іс құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері, (жеке куәліктер, диплом, біліктілік курстар сертификаттар, көшірмесі қоса жолданды)

Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша	Педагог-психолог
10	40%	40%	20%

Оқу жылдары	Барлық курстан өткен педагог саны	Оның ішінде «Өрлеу»	Оның ішінде «ПШО»	Оның ішінде «ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры»	Оның ішінде «Ерте дамыту институты»
2022-2023 оқу жылы	7	4	3	-	-
2023-2024 оқу жылы	5	2	3	-	-
2024-2025 оқу жылы	3			3	-

ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы педагогтардың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізілді.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2024-2025 оқу жылындағы балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру дағдылары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыстары түзету жұмыстары жүргізілуде (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының карталары)көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы
педагогтарының шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқауларға қатысу
нәтижелері: 2022-2025 жыл аралығы.

№	Т.А.Ә	Республикалық деңгейдегі жетістіктер	Облыстық деңгейдегі жетістіктер	Аудандық деңгейдегі жетістіктер	Балабақша-ішілік
1	Кокишева Айнур Алихановна	Қазақстан Республикасы және мәдениет министрлігі «БІ.Алтынсарин» ғылыми тәжірибелік журналы Алғыс хат Сертификат 2023 жыл. Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал Диплом 2023 жыл.	Түркістан облысы білім басқармасы «Білім беруді дамыту орталығы» КММ Мадақтам а 2024жыл	Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі Алғыс хат 2022ж 2023ж Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «МДҰ білім беру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері» аудандық семинар Алғыс хат 2022ж Шардара аудандық білім бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығар-н айналысудың маңызы» тақырыбында өткен облыстық семинар Алғыс хат 2023 жыл.	

2	Сарманова Алия Пердебаевна	Қазақстан Республика сы және мәдениет министрлігі «Ы.Алтынсарин ізбасарлары» ғылыми тәжірибелік орталығы Алғыс хат Сертификат 2023 жыл.		Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «МДҰ білім беру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері» аудандық семинар Алғыс хат 2022ж Шардара аудандық білім бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығар-н айналысудың маңызы» тақырыбында өткен облыстық семинар Алғыс хат 2023 жыл.	
3	Таласова Майра Анатолийқызы	ҚР «Рухани жаңғыру» ақпараттық- сараптамалық орталығы Алғыс хат 2022жыл Респуликал ық педагогика лық ғылыми- әдістемелік журнал Диплом 2023 жыл.	ОҚМПУ Ғылыми тәжірибелік орталығы Сертификат 2023жыл	Шардара аудандық білім бөлімі Алғыс хат 2022жыл 2023жыл 2024жыл. Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «МДҰ білім беру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері» аудандық семинар Алғыс хат 2022ж Шардара аудандық білім бөлімі «Мектепке	«Талантты ұстаз!» байқауы Бас жүлде 2023 жыл

				дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығар-н айналысудың маңызы» тақырыбында өткен облыстық семинар Алғыс хат 2023 жыл.	
4	Қожамқұл Қасиет Әліқызы	«Педагогикалық шеберлік» журналының бас редакторы Мадақтама 2024жыл		Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «МДҰ білім беру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері» аудандық семинар Алғыс хат 2022ж Шардара аудандық білім бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығар-н айналысудың маңызы» тақырыбында өткен облыстық семинар Алғыс хат 2023 жыл. Шардара аудандық білім бөлімі «Педагогикалық идеялар фестивалі» Мадақтама 2-орын.	«Күзгі шеберлік» байқауы Мадақтама 1-орын «Талантты ұстаз!» Байқауында «Талантты ұстаз» номинация 2023 жыл

5	Сатимова Мавлуда Бахтиёровна	Қазақстан Республика сы және мәдениет министрлігі «Ы.Алтынс арин ізбасарлары » ғылыми тәжірибелік журналы Алғыс хат Сертификат 2023 жыл.	Түркістан облысы білім басқармас ы «Білім беруді дамыту орталығы» КММ Мадақтама 2024жыл	Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «МДҰ білім беру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері» аудандық семинар Алғыс хат 2022ж Шардара аудандық білім бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығар-н айналысудың маңызы» тақырыбында өткен облыстық семинар Алғыс хат 2023 жыл.	«Күзгі шеберлік» байқауы Мадақтама 1-орын «Талантты ұстаз!» Байқауында 3-орын 2023 жыл
5	Куатов а Гулми ра Нурал иевна	Республикалық «SAMURYQ QAZAQSTAN» орталығы Диплом 2023жыл	ҚР Шымкент “Педагогикалы қ шеберлік» журналы бас редакторы Мадақтама 2024жыл	Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі Диплом «Үздік тәрбиеші- 2021ж» бауқауы 3-орын	«Күзгі шеберлік» байқауы Мадақтама 3-орын

6	Алиева Асель Абдишаповна	ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» БАҰО Мадақтама Сертификат 2023жылы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Мұрагер» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы Алғыс хат Диплом Қазақстан Республикасы және мәдениет министрлігі «Ы.Алтынсарин ізбасарлары » ғылыми тәжірибелік журналы Алғыс хат Сертификат 2023 жыл. Республикалық «SAMURYQ QAZAQSTAN» орталығы Диплом 2023жыл	ҚР Шымкент «Педагогикалық шеберлік» орталығы Алғыс хат Мадақтама 2024жыл	Шардара ауданының білім бөлімі «Жаңа мектепке жаңашыл ұстаз» байқауы Диплом 3 орын 2024жыл Шардара аудандық білім бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығар-на айналысудың маңызы» тақырыбында өткен облыстық семинар Алғыс хат 2023 жыл.	«Күзгі шеберлік» байқауы Бас жүлде
---	--------------------------------	--	---	---	---------------------------------------

7	Ауелханова Жанар Меделханқы зы		ҚР Шымкент «Педагогикалық шеберлік орталығы» Алғыс хат 2024жыл	Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің 2022 жылға арналған «Балалық шағымның шуақты бии! Аудандық кезең Диплом 3 орын Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «МДҰ білім беру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері» аудандық семинар Алғыс хат 2022ж Шардара аудандық білім бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығар-н айналысудың маңызы» тақырыбында өткен облыстық семинар Алғыс хат 2023 жыл.	«Күзгі шеберлік» байқауы Мадақтама 2-орын
---	---	--	--	---	---

8	Рисмухамедова Гулжамал тангировна	Қазақстан Республикасы және мәдениет министрлігі «Ы.Алтынсарин» ғылыми тәжірибелік журналы Алғыс хат Сертификат 2023 жыл.	Шымкент «Педагогикалық шеберлік» журналының бас редакторы Мадақтама 2024жыл.	Шардара аудандық білім бөлімі Алғыс хат 2023 жыл Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «Жаңа мектепке-жаңашыл ұстаз» 2022 жылғы аудандық кезең Диплом 3-орын Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «МДҰ білім беру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері» аудандық семинар Алғыс хат 2022ж Шардара аудандық білім бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығар-н айналысудың маңызы» тақырыбында өткен облыстық семинар Алғыс хат 2023 жыл.	«Күзгі шеберлік» байқауы Мадақтама 2-орын
---	-----------------------------------	---	--	--	---

10	Әбдіраман Айгерім Әбитқызы	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Сертификат 2022 жыл Республикалық «SAMURYQ ALMATY» білім беру орталығы Диплом 2023жыл		Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі «Мен зерттеушімін» аудандық байқауы «Жаңалық жаршысы» номинациясы Алғыс хат 2023жыл «МДҰ білім беру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері» аудандық семинар Алғыс хат 2022ж Шардара аудандық білім бөлімі «Мен зерттеушімін» аудандық байқау Диплом 3 орын 2025жыл	«Күзгі шеберлік» байқауы Мадақтама 3-орын «Талантты ұстаз!» Байқауында «Шығармаш ыл ұстаз» номинация 2023 жыл
----	----------------------------------	---	--	--	---

ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымында педагог-мамандары мен тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограмма құрылымы топтар бойынша 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген.

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі), «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған әдістемелік нұсқаулық хаты перспективалық жоспарлар жасау барысында басшылыққа алынған. (бағаланатын кезеңге бекітілген перспективалық жоспар және циклограммалар, үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесінің көшірмелері қоса жүктелді).

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
 - коммуникативтік дағдыларды дамыту;
 - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
 - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
 - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.
- Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады: 1) дене шынықтыру 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде); 3) сөйлеуді дамыту; 4) көркем әдебиет; 5) сауат ашу негіздері; 6) қазақ тілі 7) сенсорика; 8) математика негіздері; 9) құрастыру; 10) қоршаған ортамен таныстыру; 11) сурет салу; 12) мүсіндеу; 13) жапсыру; 14) музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Инновациялық технологиялар:

«Монтессори»

«ТРИЗ»технологиясы

«Мнемотехника» технологиясы

«Ойын» технологиясы

«Денсаулық» технологиясы

«Ақпараттық-коммуникативтік технологиясы».

«Трефарат» әдісі

Дамытушы әдістер:

В.В.Воскобовичтың ойын әдісі

Н.А. Зайцевтің текшелері

Ф.Фребель ойын құралы

«Деньеш» ойын құралдары

«Трефарат» әдісі

«Лэпбуг» ойын әдісі

Никитин кубиктері

2.Тәрбиеленушілер контингенттері

2022 – 2023 оқу жылы

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Балдырған» ерте жас тобы	1-2 жастағы балалар	25
2	«Шұғыла» кіші топ	2 жастағы балалар	25
3	«Балбөбек» кіші топ	2 жастағы балалар	25
4	«Айгөлек» ортаңғы топ	3жастағы балалар	25
5	«Күншуақ» ересек топ	4 жастағы балалар	25
6	«Балауса» ересек топ	4 жастағы балалар	25
7	«Қарлығаш» мад тобы	5 жастағы балалар	25
	Барлығы -7 топ		175 бала

2023 – 2024 оқу жылы

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Балдырған» кіші топ	2 жастағы балалар	25
2	«Балбөбек» кіші топ	2 жастағы балалар	25
3	«Шұғыла» ортаңғы топ	3 жастағы балалар	25
4	«Айгөлек» ортаңғы топ	3жастағы балалар	25
5	«Күншуақ» ересек топ	4 жастағы балалар	22
6	«Балауса» ересек топ	4 жастағы балалар	21
7	«Қарлығаш» мад тобы	5 жастағы балалар	24
	Барлығы -7 топ		167 бала

ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасында 2023-2024 оқу жылының 28.08.2023 жылғы №10 топтарды жасақтау бұйрығында «Балдырған» кіші тобында-25 бала, «Балбөбек» кіші тобында - 25 бала, «Шұғыла» ортаңғы топ -25 бала, «Айгөлек» ортаңғы топ-25 бала, «Күншуақ» ересек топ-22 бала, «Балауса» ересек топ-21 бала, «Қарлығаш» мад тобы-24 баладан топ жасақталған.

2023-2024 оқу жылының ақпан айының 05 жұлдызында №3 топтарды қайта жасақтау бұйрығы бекітілді. Анығында төмендегі кестедегідей топтар жас ерекшелігін ескере отырып қайта жасақталды

05.01.2024жыл

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Балдырған» кіші топ	2 жастағы балалар	20
2	«Балбөбек» кіші топ	2 жастағы балалар	20
3	«Шұғыла» ортаңғы топ	3 жастағы балалар	25
4	«Айгөлек» ортаңғы топ	3 жастағы балалар	25
5	«Күншуақ» ересек топ	4 жастағы балалар	25
6	«Балауса» ересек топ	4 жастағы балалар	25
7	«Қарлығаш» мад тобы	5 жастағы балалар	25
	Барлығы -7 топ		165 бала

2024 – 2025 оқу жылы

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Кіші топ «Қарлығаш»	2 жастағы балалар	20
2	Кіші топ «Балауса»	2 жастағы балалар	20
3	Ортаңғы топ «Балбөбек»	3 жастағы балалар	25
4	Ортаңғы топ «Балдырған»	3 жастағы балалар	25
5	Ересек топ «Айгөлек»	4 жастағы балалар	25
6	Ересек топ «Шұғыла»	4 жастағы балалар	25
7	Мектепалды топ «Күншуақ»	5 жастағы балалар	22
	Барлығы		162

ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасында 2024-2025 оқу жылының 28.08.2024 жылғы №22 топтарды жасақтау бұйрығында «Қарлығаш» кіші тобында-20 бала, «Балауса» кіші тобында - 20 бала, «Балбөбек» ортаңғы топ -25 бала, «Балдырған» ортаңғы топ-25 бала, «Айгөлек» ересек топ-25 бала, «Шұғыла» ересек топ-25 бала, «Күншуақ» мад тобы-22 баладан топ жасақталған.

2024-2025 оқу жылының қаңтар айының 09 жұлдызында Шардара ауданының білім бөліміне хабарлама жолданды:

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдарда жас ерекшелігін ескере отырып, бекітілген топтардағы бала санының түрлі себептермен азаюына байланысты 25 орындық «Күншуақ» мектепалды тобының 09.01.2025 жылдан бастап жабылатынын хабарлайтыны жөнінде және ҰБДҚ және Balabaqsha SmartNation порталдарына өзгеріс енгізуге ықпал етуілері бойынша №1 сұраныс

шығыс хаты жолданды».

Осы хабарламаны негізге ала отырып 2025 жылдың 17 ақпан айында №4 бұйрығымен «Күншуақ» мектепалды тобы» жабылды.

17.02. 2025 жылы

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Кіші топ «Қарлығаш»	2 жастағы балалар	20
2	Кіші топ «Балауса»	2 жастағы балалар	20
3	Ортаңғы топ «Балбөбек»	3 жастағы балалар	25
4	Ортаңғы топ «Балдырған»	3 жастағы балалар	25
5	Ересек топ «Айгөлек»	4 жастағы балалар	25
6	Ересек топ «Шұғыла»	4 жастағы балалар	25
	Барлығы-6 топ		140

ЖШС «Алтын білім» бөбекжай-балабақшасы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтарда жас ерекшеліктері бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдары бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

2. Оқу әдістемелік жұмыс

Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2022-2023 оқу жылында ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 348 бұйрығы және 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2022 жылы 30 тамыздағы №385, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды.

Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер берілді. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте жас, кіші жас, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтарында аптасына екі рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары негізінде жүзеге асырылады.

2022-2023 оқу жылдық жүктеме сағаттары:

Ерте жас «Балдырған» тобында Дене шынықтыру – 108 сағат, Музыка-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу- күн сайын.

Кіші топтар «Шұғыла» және «Балбөбек» тобында Дене шынықтыру – 108 сағат, Музыка-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу- күн сайын.

Ортаңғы «Айгөлек» топта Денешынықтыру – 108 сағат, Музыка-36 сағат, Қазақ тілі-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру- күн сайын.

Ересек «Күншуақ» және «Балауса» топта Дене шынықтыру – 108, Музыка-72 сағат, Қазақ тілі-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Қазақ тілі, Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру- күн сайын.

Мектепалды «Қарлығаш» тобында Дене шынықтыру – 108 сағат, Сауат ашу негіздері-108 сағат, Математика негіздері-108 сағат, Қазақ тілі-72 сағат, Сөйлеуді дамыту-72 сағат, Музыка-72 сағат, Көркем әдебиет-72 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру-72сағат, Суретсалу (мүсіндеу,жапсыру,құрастыру)-36 сағат.

2023-2024 оқу жылының жылдық жүктеме сағаттары:

Жылдық жүктеме сағаттары кіші «Балдырған», «Балбөбек» тобында Дене шынықтыру – 108 сағат, Музыка-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу- күнсайын.

Ортаңғы «Шұғыла», «Айгөлек» топта Денешынықтыру – 108 сағат, Музыка-36 сағат, Қазақ тілі-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру- күн сайын.

Вариативті бөлімі-36 сағат

Ересек «Күншуақ», «Балауса» топта Дене шынықтыру – 108, Музыка-72 сағат, Қазақ тілі-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Қазақ тілі, Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру-күн сайын.

Вариативті бөлімі-36 сағат

Мектепалды «Қарлығаш» тобында Дене шынықтыру – 108 сағат, Сауат ашу негіздері-108 сағат, Математика негіздері-108 сағат, Қазақ тілі-72 сағат, Сөйлеуді дамыту-72 сағат, Музыка-72 сағат, Көркем әдебиет-72 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру-72сағат,Суретсалу (мүсіндеу,жапсыру,құрастыру)-36 сағат.

Вариативті бөлімі-36 сағат

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы»; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022

жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, «Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

-физикалық қасиеттерді дамыту;

-коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық қасиеттерді дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1)дене шынықтыру;

2)жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3)сөйлеуді дамыту;

4)көркем әдебиет;

5)сауат ашу негіздері;

6)қазақтілі

7)сенсорика;

8)математика негіздері;

9)құрастыру;

10)қоршағанортамен таныстыру

11)сурет салу;

12)мүсіндеу;

13)жапсыру;

14)музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру- сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әр түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет.) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылық күнсайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, керісінше жаңа әдістермен ерекшелендіру арқылы әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірі мен еркін қарым-қатынас жасауға, олар мен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалар мен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған «әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Кіші топтағы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінді және олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып салыстыруға баулу көзделді.

Ортаңғы, ересек топтары үшін математика негіздерін күнсайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті эксперимент жасау, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын заттарды бақылау, зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, кітаптарды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеттері арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күнсайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек тобында аптасына екі рет ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау (оның ішінде қазақи әуендердерді) ән айту, әндерді жаттау, музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

2024-2025 оқу жылының жылдық жүктеме сағаттары:

Жылдық жүктеме сағаттары кіші топтарында «Қарлығаш» және «Балауса» тобында Дене шынықтыру – 108 сағат, Музыка-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу- күнсайын. Ортаңғы «Балбөбек» және «Балдырған» топтарында Денешынықтыру – 108 сағат, Музыка-36 сағат, Қазақ тілі-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру- күн сайын. Вариативті бөлімі-36 сағат

Ересек «Айгөлек» және «Шұғыла» топтарында Дене шынықтыру – 108, Музыка-72 сағат, Қазақ тілі-36 сағат, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Қазақ тілі, Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру-күн сайын.

Мектепалды «Күншуақ» тобында Дене шынықтыру – 108 сағат, Сауат ашу негіздері-108 сағат, Математика негіздері-108 сағат, Қазақ тілі-72 сағат, Сөйлеуді дамыту-72 сағат, Музыка-72 сағат, Көркем әдебиет-72 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру-72сағат, Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)-36 сағат.

2023-2024 оқу жылында ҚР-сы Ғылым және Білім министрінің 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандық. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны–физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, шығармашылық дағдыларды, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

-ойын арқылы оқыту,

-білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық- дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, картотекалар, мнемотехника жиынтығы кеңінен қолдануда.

Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады, педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

Балабақша өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған. Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп сабақтастықпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен мектеп педагогтар арасында іскерлік ынтымақтастық орнату үшін, балаларды мектепке оқытуға дайындау жылдық жоспарда белгіленген іс-шаралар бойынша жүргізіледі:

«Мектепке саяхат жасау», «Мектеп кітапханасына саяхат», «Жеңіс алаңына», ашық есіктер күндеріне қатысу арқылы, ересек, мектепалды топтарда сурет көрмелері жүргізілді.

Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Балабақша педагогтары осы мақсатты негізге ала отырып, бірлесе ашық оқу қызметтерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу алма ағашына алмаларды орналастыру, сылдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылып пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, топтық ұжымдық жұмыс жасау қалыптастыруда.

Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 5 меңгеруші жанындағы кеңес, 4 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері, семинар-практикумдар өтілді. Педагогикалық кеңесте қаралған негізгі «Бақшадағы дамытушы бұрыш», «Ертегі терепиясы арқылы балалардың креативті ойлауын қалыптастыру» тақырыптарында баяндамалар оқылды.

Педагогтардың өз білімдерін көтеру талқыланып, нәтиже шығарылды. 2023-2024 оқу жылында 2-тәрбиеші «Өрлеу» өз біліктілігін жетілдіру курсына қатысты және 3-тәрбиеші «ПШО» да біліктілігін арттыру курсына қатысып сертификат алды. Біліктілігін артырып келген педагогтар өз білімдерімен басқа педагогтармен тәжірибе алмасу мақсатында шебер сыныптар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Өндірістік кеңесте шаруашылық мәселелері мен балалардың өмірі мен денсаулығын қарау мәселелері және олардың рационалды тамақтануын қадағалау қаралып отырады.

Тәрбиеші мамандар біліктілік деңгейін арттыру мақсатында аудандық семинарларға қатысып, тәжірибесін шыңдап отырды.

Оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер жоспардағы тақырыптар бойынша шебер сыныптар тыңдалып, сол тақырыптар барысында кеңестер, ойын-сабақтар, сауалнамалар өткізілді.

Әр айда жоспарға байланысты кеңестер беріліп, түсіндірілді. Тәрбиешілер оқу-тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша, жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметін қызықты, балаға түсінікті әрі жақын өткізуге талпынды.

Дәрігерлік қызмет жоспары бойынша мейірбике Әмірбек Дилбарам Жанболатқызы балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, уақытылы профилактикалық тексеруден өтулерін қадағалап отырды. Ас мәзірін дұрыс ұйымдастырып, балалардың рационалды тамақтануын қадағалады. Балалардың физикалық дұрыс дамуына көңіл бөліп, сауықтыру шараларын жүргізіп, денсаулық мерекелерін өткізді.

«Қауіпсіздік мектебі» іс-шарасы бойынша тоқсанына бір мәрте сейсможаттығу қауіпсіздігі бойынша балаларға нұсқау беру, жер сілкінісіне, апат жағдайындағы жаттығуларды ұйымдастырып өткізді. Тәрбиешілер Куатова Г, Ауелханова Ж, Рисмухамедова Г, Алиева А, Абдіраман А, Қожамқұл Қ:Ә. «Бағдаршам», «Табиғи апаттың алдын алудың негізгі қағидалары», «Жол ережесі», «Қауіпсіздік ережесі», «Қауіпсіз балабақша» т.б. тақырыбында іс-шараларды өткізді.

Балалармен жұмыс: Оқу жылы бойында әр түрлі тақырыпта жыл мезгілдеріне, мерекеге байланысты тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас өте жақсы. Тәрбиешілер балаларды экологиялық білім мен қоршаған ортамен таныстыру оқу қызметтерінде берілген білімдерін серуен-саяхатқа шығару арқылы толықтырып отырды. Бақылау мен басшылық өз уақытында жүйелі жүргізілді, жоспарланған топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, «Тазалық, тамақтану, дезинфекция, ережесін сақтау» «Балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы», «Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау» т.б. тақырыптарда тексеру қорытындысы жасалынып педагогикалық және меңгеруші жанындағы кеңестерде қаралып, үлгілі жұмыстар аталып, кемшіліктерді ескертіп отырды.

Білім беру процесін ұйымдастыру бойынша 2023-2024 оқу жылындағы жоспарланған ашық көрсетілімдер барлық топтарда өткізілді. Мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, тақырыпты кештер мен, ойындар балалардың дағдыларын қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялардың жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданылды.

Ата-аналармен жұмыс: Оқу жылында 2 жалпы ата-аналар жиналысы, кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізілді. Ата-аналармен келісім шарт жасаудан бастап, ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие жоспармен таныстырып, тәрбиелеу бағытында әртүрлі сауалнамалар жүргізілді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарды балабақшаның жылдық жоспарымен, күн тәртібімен, қызметкерлермен таныстыру, «Ойын арқылы оқыту» ата-анаға кеңес, «Баланың мектепке дейінгі білім беру мекемесіне бейімделуі», «Біз қалай

баламен сөйлесеміз» пікір алмасу ұйымдастырылып, мамандар балалардың денсаулығы мен физикалық дұрыс дамуына кеңестер берді. Балалары балабақшаға бармайтын ата-аналарға консультация пункті жүргізілді. Балалардың білім деңгейін бақылау, ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарға қатысуын, тәрбиелеу іс-шараларына тарту, топтық ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылып өткізілді.

Жазғы сауықтыру жұмысы: Балабақшаны жазғы жұмыс тәртібіне ауыстырып, қызметкерлерге жазғы сауықтыру жөнінде кеңес өткізілді. Тәрбиешілер жазғы сауықтыру кестесіне сай оқу қызметтерін серуенмен байланыстыра отырып жүргізді. Балалармен тұрмыстық және жол зақымдарының алдын алу жөніндегі жұмыстар, жол ережесі бойынша әңгіме, ойын-сауықтыр, ойындарды өткізді. Әр апта сайын іс-шаралар ұйымдастырылды. «Жаз келді көңілді», «Қауіпсіз жаз», «Ойын онап ән салмай, өсер бала болама», «Гүлденген табиғат» т.б тақырыптарында өткізілді.

Балабақша біршама байқауларға қатысты:

Аудандық:

«Ханталапай» ұлттық ойындар байқауынан 1,2-орын дәрежелі 2024ж дипломдармен марапатталды.

«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» қолдан жасалған байқауында I, II дәрежелі 2024ж дипломдармен марапатталды.

«Ғарышкерлер күні» республикалық сурет салу байқауынан 2-орын 2024ж дипломмен марапатталды.

«Мен зерттеушімін» аудандық байқауына «Жаңашыл жаршысы» номинациясымен марапатталды.

Сонымен қатар уәкілетті орын бекіткен басқада онлайн жарыстарға тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер қатысып жүлделі орындармен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында балабақша «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білім білік дағдыларын дамытуда шығармашылықпен айналысудың маңызы» тақырыбында облыстық семинар өткізді. Семинар өте жоғары деңгейде өткізіліп, педагогтар өз жаңашыл инновациялық технологияларымен қатар жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді. Семинар өте жоғары деңгейде деп бағаланды. Педагогтар облыстық, аудандық мадақтамалар алды. Өздерінің озық тәжірибе жұмыстарын Республикалық «Ы.Алтынсарин ізбасарлары» ғылыми тәжірибелік журналында жұмыстарын жариялап, тәжірибесімен бөлісті.

Шаруа-әкімшілік жұмыс: Шаруа меңгерушісі жаңа оқу жылына топтардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаз мезгілінде балалардың ойын алаңын дайындау, ыдыс-аяқ, жұмсақ жаймаларды жөндеп, жаңалау жұмыстарын жүргізді. Жылу қазандықтарын жылу беру маусымына дайындау, айналы тазалық жағдайын жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында ашық көрсетілімдер барлық топтарда қараша, қаңтар, мамыр айларында өткізілді. Қараша айында «Бұл құай мезгіл», «Кірпіге алма сыйлаймыз», «Үй жануарлары», «Менің сүйікті ертегім» тақырыптарында

бекітілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. Қаңтар айында «Менің добым», «Көліктер», «Қыстап қалған құстар», «Қыс қызығы», «Қыс тіршілігі», «Қысқы орман», «Сыр сандығы» тақырыптарында тәрбиешілер жас ерекшеліктерін ескере отырып балалардың физикалық, коммуникативтілік, шығармашылық, әлеуметтік, танымдық дағдыларын дамытуда жаңа технологиялармен қатар жаңа әдістерді қолданды. Мамыр айында «Бауырсақ ертегісі», «Гүлзарыдағы көбелектер мен гүлдер», «Жемістермен көкөністерді ажырату», «Бұл қай мезгіл», «Әдемі гүлдер», «Құстар біздің достарымыз», «Ас атасы-нан» тақырыптарында өткізілді. Тәрбиешілер балалардың физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын дамытуға арналған кіріктірілген ұйымдастырылған іс – әрекеттер өткізіп, тәжірибе алмасып отырды.

Танымдық дағдыларды дамыту бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырдық. Топ тәрбиешілері әр дағды бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар, мнемокестелер кеңінен

қолданылды. Балабақшаны негізгі жұмыс бағытының бірі- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту.

Физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу

жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес дағды бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады. Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті. Әсіресе саусақ жаттығуларын үйлеріне айтып барып, тәрбиешілер ата-аналардың ризашылығына бөленді.

Оқу жылында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу мақсаттары жоспарланды.

2024-2025 оқу жылында ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы тәрбиелеу мен білім беру қызметін: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына»; «Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырды.

2024 -2025 оқу жылындағы міндеттері: Баланы ой-өрісі жаңашыл,шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында мына төмендегі міндеттерді алды:

- «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру бойынша жұмыс жасау.
- ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру; - МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту;
- «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;
- Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу:

Физикалық қасиеттерді дамыту

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастыру. Алынған міндеттерді іске асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шаралар жоспарланды.

Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, әдістерімен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды. Балабақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттерін дамытушы орталарда ойын түрінде өткізді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында жоспарланды.

Ойын барысында тәрбиешілер балалардың өз тәжірбиелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, дағдыларын дамытты.

Балаларға қауіпсіз, қолайлы, қолжетімді, мазмұнды, көп атқарымды заттық-кеңістік дамытушы орта құрылды. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілеттерін бақылап, баланың қабілетіне қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды. Дені сау баланы тәрбиелеу, балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту, ұлттық, спорттық ойындардың элементтерімен танысу және де балалардың танымдық,

зияткерлік, ізденушілік қабілеттерін, ауызекі байланыстырып сөйлеуін, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, танымдық зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында озық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып барлық топтарда білім беру процесінің ашық көрсетілімдері өткізілді.

Қараша айындағы ашық көрсетілімдер көбінесе балалардың тілдік қорын дамыту мақсатында «Ертегілер еліне саяхат» тақырып аясында үстел үсті театры, көлеңке театры, сахналық қойылым, қуыршақ театрлары қойылып әр топ жас ерекшеліктері ескеріліп, жоғары деңгейде өткізілді.

Ақпан айында «Жеке қауіпсіздік іс-шаралары» бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. «Балауса» кіші топ тәрбиешісі Алиева А.А, «Қарлығаш кіші топ тәрбиешісі Куатова Г.Н. «Абайлаңыз, бағдаршам! жол белгілері қауіпсіздігі тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.

«Айгөлек» және «Шұғыла» ересек топ тәрбиешілері Әбдіраман А.Ә., Қожамқұл Қ.Ә. «Абайлаңыз, бағдаршам! жол белгілері қауіпсіздігі тақырыбында жаңа әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, ерекше өткізді.

«Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Рисмухамедова Г.Т. және «Балдырған» топ тәрбиешісі Ауелханова Ж.М. «Үйдегі қауіпті заттар» тақырыбы бойынша үйдегі қауіпсіздіктің алдын алу бойынша қолжетімді заттық дамытушы ортаны кеңінен пайдаланып жоғары деңгейде өткізді. «Күншуақ» мектепалды топ тәрбиешісі Сатимова М.Б. «Бейтаныс адам» көшедегі қауіпсіздік бойынша, қазіргі таңдағы белең алып жатқан оқиғаларға байланысты, көшеде жүру, өзін-өзі қорғай алу, үлкендерсіз көшеде болмау керек екендігі жайлы, керемет қойылымдар, сюжеттік рөлдер ойындар арқылы жоғары деңгейде өткізді.

Азаматтық қорғаныс іс-шаралаы бойынша барлық топтарда ашық көрсетілімдер ұйымдастырылды. «Судың қасиеті», «Көрікті көктем», «Көктемдегі гүлдер», «Өрт қауіпсіздігі», «Үй жануарлары» тақырыптар аясында өткізілді.

Сауықтыру және шынықтыру шаралары бойынша: «Денсаулығы сәбидің-денсаулығы әр үйдің» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін «Балауса», «Қарлығаш» кіші топ тәрбиешілері Алиева Асел Абдишаповна, Куатова Гулмира Нуралиевна балалардың денсаулығын нығайту олардың қимыл –қозғалыстарын шынықтыру мақсатында ойындар ұйымдастырып өткізді.

Ортаңғы «Балбөбек» тобы «Шынықсаң шымыр боласың», «Балдырған ортаңғы топ «Дені саудың, тәні сау» тақырыбы бойынша озық тәжірибелерімен бөлісіп ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоғары деңгейде өткізді.

Ересек «Айгөлек», «Шұғыла» топ тәрбиешілері Абдіраман Ә.І, Қожамқұл Қ.Ә «Ұлттық ойындар әлемінде» тақырыбында және «Күншуақ» мектепалды тобы тәрбиешісі Сатимова М.Б. «Спорт спорт және спорт» тақырыбы бойынша балалардың көңіл-күйін көтеру, қимыл белсенділіктері арттыру, ептілік, шыдамдылық, икемділік, мергендік дағдыларын қалыптастыру мақсатынды

ұлттық ойындарымызды бала бойына сіңіру, олардың физикалқ даму дағдыларының қалыптастыру мақстында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті жақсы көңіл-күй сыйлап, жоғары өткізді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларды Ұлттық құндылықтармен рухани адамгершілік тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыру және дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында жоспарға сай топтарда «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыс жүргізілуде.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әр айда жопарланған іс-шаралар өз деңгейінде жоғары өтті. Атап айтқанада балаларды шымыр, ептілікке, шапшаңдылықпен өз денсаулықтарына ұқыпты болу мақсатында «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Теңге алу», «Асық», «Бестемше», «Орамал тастамақ» тақырып аясында ұлттық ойындар өткізді. Балаларды отанын сүйюге, қомқор болуға, мейірімді болуға, табиғатты қорғау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Алғыс айту-парызым!», «Біз – жас экологпыз!», «Берекелі алтын күз» көрмесі, жәрмеңкесі өткізілді.

Балабақшада «Аналар мектебі» құрылып 2024-2025 оқу жылында бекітіліген жоспардағы жұмыстар өз деңгейінде өтті. «Бала тәрбиесіндегі аға буынның рөлі», «Ұлттық ойындар», «Баланың ұстазы..?», «Анам және мен біркүндік өмірім! Атты челленждер ұйымдастырылып шығармашылыққа толы іс-шаралар өткізілді.

Балаларды әділдікпен жауапкершілікке, еңбекқорлыққа, бірлік пен ынтамақтыққа, тәртіпке, жаңашылдыққа, ізденушілік пен шығармашылыққа, білімді, алғыр, өжет, болуына және шымыр белсенді, өз отанынан деген сүйіспеншілікке баулу мақсатында

«Адалдық алаңы», «Үлкендердің еңбегі», «Балбалақша жайлы мекен», «Біз табиғат қорғаушылармыз», «Менің Қазақстаным!», «Мамандықтар әлемі», «Тәрбиеленушілердің ағаш егуі» экочелленджі т.б. іс-шаралар мен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоғары деңгейде өткізіліп жоспардағы іс-шаралар орындалды.

Мемлекеттік мереке күндеріне арнап «Кел балалар, оқылық!», «Алтын күз!», «Менің Отаным Қазақстан », «Жаңа жыл» атты іс-шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, ата-аналар тарапынан алғыстар айтылды.

Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес 5 педагогикалық кеңес, 4-меңгеруші кеңес, 3 әкімшілік жанындағы кеңес, 2 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері,өтілді.

Балабақша біршама байқауларға қатысты:

Аудандық:

«Аттандық бала шақтан-болашаққа!» байқауында І-орын 2024ж дипломдармен марапатталды.

«Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауынан 2-орын 2024ж дипломмен марапатталды.

«Мен зерттеушімін» аудандық байқауында 3 орын дипломмен марапатталды.

Сонымен қатар уәкілетті орын бекіткен басқада онлайн жарыстарға тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер қатысып жүлделі орындармен марапатталды.

Өндірістік кеңесте шаруашылық мәселелері мен балалардың өмірі мен денсаулығын қарау мәселелері және олардың рационалды тамақтануын қадағалау қаралып отырды.

Тәрбиеші мамандар біліктілік деңгейін арттыру мақсатында аудандық семинарларға қатысып, тәжірибесін шыңдап отырды.

Дәрігерлік қызмет жоспары бойынша мейірбике Әмірбек Ділбарам Жанболатқызы балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, уақтылы профилактикалық тексеруден өтулерін қадағалап отырды. Ас мәзірін дұрыс ұйымдастырып, балалардың рационалды тамақтануын қадағалады. Балалардың физикалық дұрыс дамуына көңіл бөліп, сауықтыру шараларын жүргізіп, денсаулық мерекелерін өткізді.

«Қауіпсіздік мектебі» іс-шарасы бойынша тоқсанына бір мәрте сейсможаттығу қауіпсіздігі бойынша балаларға нұсқау беру, жер сілкінісіне, апат жағдайындағы жаттығуларды ұйымдастырып өткізді. Тәрбиешілер Сатимова М, Куатова Г, Ауелханова Ж, Рисмухамедова Г, Алиева А, Қожамқұл Қ, Әбдіраман Айгерім Әбитқызы «Топтағы сақтық шаралары», «Табиғи апаттың алдын алудың негізгі қағидалары», «Отпен ойнама», «Қауіпсіздік ережесі», «Үйден түтін шыққанда» тақырыбында іс-шараларды өткізді.

Балалармен жұмыс:

Ата-аналармен жұмыс: Оқу жылында жалпы ата-аналар жиналысы, кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізілді және ата-аналар консультациясы пункті жұмыс жасады. Ата-аналармен келісім шарт жасаудан бастап, ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие жоспармен таныстырып, тәрбиелеу бағытында әртүрлі сауалнамалар жүргізілді.

**«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы ЖШС-ның
2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары**

Мектепалды даярлық «Қарлығаш», тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер*	Жас тобы Мектепалды даярлық топ (5жастағыбалалар)	Аптадағы нормативтік жүктеме
		Аптадағы өткізу жиілігі	
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күнсайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркемәдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күнсайын	
3	Қазақтілі		2 сағат
4	Қазақтілі***	күнсайын	
5	Сауат ашу негіздері		3 сағат
6	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күнсайын	
	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күнсайын	
	Қоршаған орта мен таныстыру		2 сағат
7	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	Күнсайын	
	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күнсайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күнсайын	
	Барлығы:		20 сағат

Ересек «Балауса» және «Күншуақ» тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Жас тобы Ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күнсайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күнсайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күнсайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күнсайын
5	Қоршаған орта мен таныстыру	күнсайын
6	Сурет салу	күнсайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	Аптасына екі рет
	Музыка****	күнсайын

Ортаңғы «Айгөлек» тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Жас тобы Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күнсайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күнсайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күнсайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күнсайын
5	Қоршаған орта мен таныстыру	күнсайын
6	Сурет салу	күнсайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка****	күнсайын

**Кіші «Шұғыла»
«Балбөбек» тобы
Оқу жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жыл**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	(2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру**	Аптасына үш рет
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	Аптасына бір рет

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары

Мектепалды даярлық «Қарлығаш»тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер*	Жас тобы Мектепалды даярлық топ (5жастағыбалалар)	Аптадағы нормативтік жүктеме
		Аптадағы өткізу жиілігі	
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күнсайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркемәдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күнсайын	
3	Қазақ тілі		2 сағат
4	Қазақ тілі***	күнсайын	
5	Сауат ашу негіздері		3 сағат
6	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күнсайын	
	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күнсайын	
	Қоршаған орта мен таныстыру		2 сағат
7	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	Күнсайын	
	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күнсайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күнсайын	
	Барлығы:		20 сағат

Ересек «Күншуақ» және «Балауса» топтарының

Оқу жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	(4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күнсайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күнсайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күнсайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күнсайын
5	Қоршаған орта мен таныстыру	күнсайын
6	Сурет салу	күнсайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	Аптасына екі рет
	Музыка****	күнсайын

Ортаңғы «Шұғыла», «Айгөлек» тобы

Оқу жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	(3 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күнсайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күнсайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күнсайын
3	Сауат ашу негіздері	күнсайын
4	Математика негіздері	күнсайын
5	Қоршаған орта мен таныстыру	күнсайын
6	Сурет салу	Аптасына бір рет
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	
	Музыка****	Күн сайын

**Кіші «Балдырған»,
«Балбөбек» тобы
Оқу жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	(2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру**	Аптасына үш рет
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	Аптасына бір рет

«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы ЖШС
2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары
Мектепалды даярлық «Күншуақ» тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер*	Жас тобы Мектепалды даярлық топ (5жастағыбалалар)	Аптадағы нормативтік жүктеме
		Аптадағы өткізу жиілігі	
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күнсайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күнсайын	
3	Қазақ-тілі		2 сағат
4	Қазақ тілі***	күнсайын	
5	Сауат ашу негіздері		3 сағат
6	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдықіс-әрекет	күнсайын	
	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдықіс-әрекет, зерттеуіс- әрекеті	күнсайын	
	Қоршағанорта мен таныстыру		2 сағат
7	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдықіс-әрекет, зерттеуіс- әрекеті, еңбекіс-әрекеті	Күнсайын	
	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеуіс-әрекеті	күнсайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күнсайын	
	Барлығы:		20 сағат

Ересек «Шұғыла», «Айгөлек» тобы

Оқу жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	(4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күнсайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күнсайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күнсайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күнсайын
5	Қоршаған орта мен таныстыру	күнсайын
6	Сурет салу	күнсайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	Аптасына екі рет
	Музыка****	күнсайын

Ортаңғы «Балдырған», «Балбөбек» тобы

Оқу жұмыс жоспары 2024-2025 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	(3 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күнсайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күнсайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күнсайын
3	Сауат ашу негіздері	күнсайын
4	Математика негіздері	күнсайын
5	Қоршаған орта мен таныстыру	күнсайын
6	Сурет салу	Аптасына бір рет
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	
	Музыка****	күнсайын

**Кіші «Қарлығаш»,
«Балауса» тобы
Оқу жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	(2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру**	Аптасына үш рет
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	Аптасына бір рет

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ.

«Балдырған» ерте жас тобы (1-2 жастағы балалар).

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3			Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
Музыка-1		Музыка			
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жалпы жүктеме көлемі-4 сағат					
Барлығы -4 сағат					

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	
1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	күн сайын

«Шұғыла» және «Балбөбек» кіші тобы (2 жас).

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	
Музыка-1		Музыка			
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жалпы жүктеме көлемі-4 сағат					
Барлығы -4 сағат					

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	
1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	күн сайын

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ.

«Айгөлек» ортаңғы топ (3 жас).

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка
Қазақ тілі-1					Қазақ тілі
Музыка-1			Музыка		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жалпы жүктеме көлемі-5					
Барлығы-5 сағат					
Вариативтік компонент-1					Жапсыру

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	
1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ.

«КҮНШУАҚ» және «БАЛАУСА» ЕРЕСЕК ТОП (4 жас)..

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру-3	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру		Дене шынықтыру
Қазақ тілі-1		Қазақ тілі			
Музыка-2		Музыка		Музыка	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жалпы жүктеме көлемі-6					
Барлығы-6 сағат					
Вариативтік компонент-1				« ҚЫЗЫҚТЫ әлем!»	

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	
1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

**«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобының (5- жасқа)
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.**

Апта күндері	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптасына өткізілу жиілігі		
Дүйсенбі	Сауат ашу негіздері	1-сағат	1. Дене шынықтыру Дене шынықтыру** 2.Сөйлеуді дамыту Тілдік қарым-қатынас Көркем әдебиет Тілдік қарым-қатынас Қазақ тілі Қазақ тілі *** 3.Сауат ашу Тілдік қарым-қатынас танымдық әрекет 4.Математика негіздері Танымдық зертеу әрекеттері 5.Қоршаған ортамен танысу Тілдік-қарым қатынас, танымдық зертеу әрекеттері 6.Сурет салу 0,25 Мүсіндеу 0,25 Жапсыру 0,25 Құрастыру 0,25 7.Шығармашылық әрекет, бейнелеу. 8. Музыка Музыка*****	күн сайын	3-сағат
	Қазақ тілі	1-сағат		күн сайын	2-сағат
	Дене шынықтыру	1-сағат		күн сайын	2-сағат
	Қоршаған орта	1-сағат		күн сайын	2-сағат
